

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 7 сәуір N 89

Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-күжат; N 12, 88-күжат; N 14, 93-күжат; N 15-16, 109-күжат; N 24, 162-күжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-күжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" заң күші бар Жарлығын күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы

Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 9-бапта:

1-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлері, соның ішінде:

а) атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру, пайдалану, қайта құру, консервациялау және пайдаланудан шығару;

б) радиоактивтік қалдықтармен жұмыс істеу;

в) ядролық қондырылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау;

г) ядролық және радиациялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі қызметтер;

д) радиоэкологиялық зерттеулер мен радиациялық сауықтыру жөнінде жұмыстар жүргізу;

е) ядролық жарылыстар өткізілетін орындардағы қызметтің барлық түрлері;

ж) ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау (транзиттік тасымалдауды қоса);

з) атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметке арнап

қызметкерлер, мамандар даярлау және оларды аттестаттау;";

1-тармақ мынадай мазмұндағы 42)-тармақшамен толықтырылсын:  
"42) археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына  
келтіру жұмыстары";

2. 10-бапта:

атауы "және занды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;  
бірінші бөлігі "Азаматтарға" деген сөзден кейін "және занды  
тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "адвокаттық қызметке" деген сөздер алып  
тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4), 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:  
"4) адвокаттық қызмет көрсету;  
5) адвокаттық қызметпен байланысы жоқ ақылы заң қызметін  
көрсету;  
6) нотариаттық қызмет көрсету;";  
4) тармақша 7) тармақша болып саналсын;  
5) тармақша 8) тармақша болып саналсын, ол мынадай редакцияда  
жазылсын:

"8) бөлшек сауданы жүзеге асыру және нақты шетел валютасына  
қызмет көрсету;";

мына мазмұндағы 9), 10) тармақшалармен толықтырылсын:  
"9) қоғамдық тамақтандыру пункттерінің қызметі;  
10) жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызмет."

Қазақстан Республикасының

Президенті